



Іс- шараның салтанатты түрде ашылу рәсіміне Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқарма басшысы Сержан Сәрсенбекұлы мен №5 қалалық емхана

пациентінің туысы Кұлайым Абдырайымқызы пациенттер мектебінің лентасын қиып, алғы сөз айтты. «Пациент мектебі» кабинетінің ашылуына №5 қалалық емхананың бас дәрігері Сарсенова Д. А. және басқа да емханалардың бас мейіргерлері қатысты. Колледж оқытушылары тәжірибелік күтім шараларын ұйымдастырып көрсетті. Пациент мектебі – денсаулыққа үйрететін, өмір сапасын жақсартатын, болашаққа бағыт беретін маңызды қадам.

өңіраралық сырттай ғылыми-зерттеу конференциясына фармацевтика пәндер оқытушылары Асанова Ұ.Х. және Байғани А.Ж. жетекшілігімен 136Ф-11/25 топ студенті Аюпова А.Н. және 138Ф-11/25 топ студенті Салоева Ф.С. қатысып, сертификаттармен марапатталды.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

06

14.04.2026 ж. техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен облыстық «Ұлттық колледж лигасы» аясында кіші футболдан Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ұлдар құрамасы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, тартысты бәсекеде ІІ орынды иеленді. Команда жарыс барысында ұйымшылдық пен табандылық танытып, өз шеберліктерін лайықты деңгейде көрсете білді. Жаттықтырушы: Оналбаев Әділет Әділханұлы.



08 – 09.04.2026 ж. Қостанай жоғары медициналық колледжінде «Акушерлік іс» мамандығы бойынша студенттер арасында халықаралық қатысумен «Алақанда екі өмір» республикалық байқау өткізілді. Жамбыл жоғары медициналық колледжінен №1 арнайы пәндер оқытушысы Турмысова Фарида Досмұхамбетовнаның жетекшілігімен 331 топ студенті Тұралы Аяулым қатысып, алдыңғы ондықта көрінді және мақтау грамотасымен марапатталды. Колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нурғалиевна Алғыс хатпен, жетекші сертификатпен марапатталды.

Білім саласын дамыту жолында қол жеткен табыстары және оған жеткен үлесі үшін кітапхана меңгерушісі Бегалиева Нурсулу Ерлановна Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды. Құттықтаймыз!



«Мейіргер ісі» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің ұйымдастыруымен 4-5 мамыр 2026 жыл аралығында өткен Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы денсаулық сақтау саласы

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша Республикалық кәсіби шеберліктің конкурсына Айманбетова Нұрай Алтынбекқызы қатысып ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Құттықтаймыз!



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

01

«Репродуктивті денсаулықты қорғау» тақырыбында РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БРОШЮРАЛАР БАЙҚАУЫ

02

ТӘРБИЕ БӨЛІМІНІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

03

АШЫҚ САБАҚ
Колледж оқытушыларының сәуір айында өткізген ашық сабақтары.

05

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістіктері.

07



04 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРА
Колледжіміздің 90 жылдық мерейтой аясында халықаралық іс-шара.

06 ПАЦИЕНТТЕР МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ

08 КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ
Айлық-ақпараттық газеті



Қостанай жоғары медициналық колледжі ұйымдастыруымен «Мейіргердің терапиядағы, педиатриядағы, хирургиядағы, акушерліктегі және геронтологиядағы кәсіби құзыреттері» тақырыбында халықаралық қатысумен өткен республикалық олимпиадаға колледжіміздің 405 топ студенттері Шәріпбай Эльвира Бауыржанқызы, Камал Гулдана, Мұхаметжан Аида Нұрболатқызы, Байтурсын Назерке Заманбекқызы және Макашова Айдана қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері № 3 арнайы пәндер оқытушылары Парманова А.Т., Тулегенова У.Б. Алғыс хаттармен марапатталды.

2026 жылғы 16 ақпан мен 10 наурыз аралығында «Братск медициналық колледжі» ұйымдастыруымен өткен «Медицина. Денсаулық. Білім» тақырыбындағы



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

01

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

03

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРА

04

АШЫҚ САБАҚ

05



08.04.2026ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай, әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Мейіргерлік білім берудегі жаһандық трендтер мен озық тәжірибе» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференция 4 секция бойынша өткізілді.

06.04.2026 ж. Тәрбие бөлiмiнiң ұйымдастыруымен колледжімізде 1–2 курс студенттері арасында «Әлеуметтік желіден туындайтын діни радикализм» тақырыбында маңызды кездесу өтті. Кездесуге арнайы қонақ ретінде Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Дін және жастарға қызмет көрсету секторының меңгерушісі Зунинкожа Зулкарнайн Бұрханұлы қатысты. Іс-шара барысында әлеуметтік желідегі жалған діни ақпараттардың қауіптілігі, радикалды көзқарастардың алдын алу жолдары және жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пайдалы жауаптар алды. Осындай кездесулер жастардың дұрыс бағытта қалыптасуына, ақпаратты сауатты қабылдауына үлкен септігін тигізеді.



30.04.2026 ж. Жамбыл облысы бойынша «AMANAT» партиясы Әйелдер қанаты мен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Наркобекет» - нашақорлықтың алдын алу комиссиясы «Салауатты өмір салты – бұл денсаулыққа және белсенді өмірге апаратын жол», «Психобелсенді заттарды пайдаланудың алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу студенттердің қазіргі уақытта дұрыс тамақтанбаудың салдары гармондык бұзылыс әсерінен түрлі зиянды әдеттерге әуестенуге алып келетініне назар аударудан басталып, Жамбыл облыстық психикалық денсаулық сақтау орталығының психолог маманы Л.Т.Абдрасилованың ақпараттық түсіндірме жұмысымен жалғасты. Кездесу барысында «Наркобекет» нашақорлықтың алдын-алу комиссиясының төрайымы А.Көбегенова жастарға үлкен ой тастайтын бейнефильмді көрсетіп, студенттермен пікір алмасты, іс-шараға 115ЕФ-9/25, 105М-9/25, 119ЕФ-9/25 топ студенттері қамтылды. Бұл кездесу студенттерге психоактивті заттардың адам денсаулығына, психикасына, болашағына тигізетін зиянын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға мотивация беру, өмірге деген позитивті көзқарасын нығайтып, саналы таңдау жасауға бағыттау мақсатында ұйымдастырылды. Жауапты: Көбегенова А.Т. – «Наркобекет» ұйымының жетекшісі.



15.04.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойы аясында «Жасанды интеллект және медициналық білім беру саласындағы заманауи әдіс-тәсілдер» атты ауқымды халықаралық іс-шара жоғары деңгейде өткізілді. **Іс-шараның мақсаты:** Медициналық колледждердің білім беру ортасына жасанды интеллект технологияларын жан-жақты зерттеу және практикалық тұрғыда енгізу. Шеберлік сыныбы оқу бағдарламаларын жаңғыртуға, оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға және болашақ медицина талаптарына толық сәйкес келетін мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін инновациялық оқыту модельдерін (виртуалды симуляциялардан бастап білімді бағалаудың зияткерлік жүйелеріне дейін) құруға бағытталған.



Іс-шараға Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай, Әзірбайжан өкілдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, әлеуметтік серіктестердің өкілдері мен Жамбыл облысы мен Тараз қаласының әкімдігі Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасы Білім беруді дамыту Ұлттық ғылыми орталық «Санат», ЖШС Қазақстанның медициналық университеттері, Қазақстанның жоғары медициналық колледждері, Қазақстанның медициналық , колледждерінің директорлары мен халықаралық достастық мүшелері, Жамбыл облысының медициналық ұйымдары «AMANAT» партиясы «QazMed медицина және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі. Іс-шараның ресми бөлімі «Мейірім жолы» атты құм анимациясынан басталып, «MED AI LAB» жасанды интеллект аймағының салтанатты ашылуы және шебер сыныптар өткізілді. Мерейтойдың ресми бөлімінен кейін қонақтар назарына керемет



салтанатты концерттік бағдарлама ұсынылды. Бұл іс-шара білім беру процесіне инновацияларды енгізудің тиімді құралына айналып, білікті медициналық кадрларды даярлаудағы көшбасшылық мәртебесін айғақтады.

22.04.2026 ж. №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы М.Н. Халдарбекова «Пациент жағдайын клиникалық бағалау» пәнінен, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» бөлімінің 139 ҚБ-11/25 топ студенттерімен «Жүрек-қантaмыр жүйесі аулары бар науқастарды тексеру әдістері. Мейіргер үрдісін ұйымдастыру» тақырыбында тәжірибелік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге ақпараттық-коммуникативтік технологияны, интерактивті оқыту әдістерінің элементтерін қолданып, тәжірибе сабақтарында фантомдар, тренажер-манекендерді тиімді, ұқыпты пайдалана отырып, сабақты түсіндіру, мақсатына жету.



30.04.2026 ж. №3 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Г.А. Момбекова «Мейіргерлік технологиялар» пәнінен, «Мейіргер ісі» бөлімінің 201М – 9/24 топ студенттерімен «Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдары. Тері ішіне және тері астына егу жасау техникасы» тақырыбында тәжірибелік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге ақпараттық-коммуникативтік технологияны, интерактивті оқыту әдістерінің элементтерін қолданып, тәжірибелік сабақта фантомдар, тренажер-манекендерді пайдалана отырып, сабақтың мақсатына жету.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

02

2026 жылдың сәуір айында №1 Жалпы кәсіптік ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен Жамбыл жоғары медициналық колледжі базасында Қазақстан



Республикасының орта кәсіптік медициналық білім беру мекемелерінің білімгерлері арасында «Репродуктивті денсаулықты қорғау» тақырыбында брошюралар байқауының сырттай Республикалық байқауы өткізілді. Байқау «Акушерлік іс» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарына сәйкес, оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жүргізілді. Байқауға жалпы Қазақстан Республикасының медициналық колледждерінен 13 қатысушы өз жұмыстарын ұсынды. Ұсынылған барлық жұмыстар байқау Ережесінің талаптарына сәйкес бағаланып, ең жоғары ұпай жинаған үздік нәтижелер айқындалды. Байқау жеңімпаздарын құттықтаймыз!

Жауапты: Алтынбекова Ж.Р., Аманбаева А.А.

ПАЦИЕНТТЕР МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ

06

30.04.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Функционалық бұзылыстары бар пациенттердің туыстары мен күтушілерін оқытуға арналған білім беру қызметтерін көрсету» пациенттер мектебін ашуға арналған іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара аясында қатысушыларға пациенттер мектебінің негізгі бағыттары кеңінен таныстырылып, күтім жасаудың заманауи әдістері, оңалту шаралары, асқинулардың алдын алу және қауіп факторларын ерте анықтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

